Су шүмектеріне машинамен бірге жеткізілген су құятын түтіктер жететіндей болуы үшін, олар кір жуғыш машинаның арт жағынан 4 фут (122 см) аралығында орналасуға тиіс.



Құбыр жүйесіне арналған тауарлар сатылатын дүкендердің көпшілігінде, ұзындығы 10 фут (305 см) дейінгі, су құятын әр түрлі түтіктер сатылады.

Су жылыстап ағу немесе төгіліп қалудың алдын алу үшін мына шараларды орындауыңызға болады:

- Су шүмектерін қол оңай жететін жерге орналастыру.
- Кір жуғыш машинаны іске қоспаған кезде шүмектерді жауып қою.
- Су құятын түтіктің тетіктерінен су ағып тұрған-тұрмағанын уақытылы тексеріп отыру.



Кір жуғыш машинаңызды ең алғаш іске қосардың алдында, су тығырығы мен шүмектеріндегі тетіктердің барлығын тексеріп, су ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз.

кір жуғыш машина параметрлерін орнату

Суды төгу

Samsung биіктігі 18 дюйм (46 см) тік құбырды қолдануды ұсынады. Су төгетін түтікті, су төгетін түтіктің қапсырмасын қолдана отырып, тік құбыр арқылы өткізу керек. Тік құбыр су төгетін түтіктің сыртқы диаметрі сиятындай кең болуға тиіс. Су төгетін түтік зауытта құрылғыға орнатылады.

Еденге орналастыру

Кір жуғыш машинаны барынша тиімді жұмыс жасауы үшін қатты еденге қою керек. Ағаш еденге қойған кезде, діріл мен/не кірдің теңгерімі дұрыс сақталуы, оны қосымша бекіту керек. Кір жуғыш машинаны кілем немесе жұмсақ тақта төселген еденге қойған кезде, машина дірілдеуі немесе айналдыру циклі кезінде ақырын жылжуы мүмкін.

Кір жуғыш машинаны ешқашан тағанның үстіне немесе бос тұрған төсемге қоймаңыз.


Бөлме температурасы

Кір жуғыш машинаны су қатып қалуы мүмкін жерге қоймаңыз, себебі кір жуғыш машинаның су тығырығында, сорғысы мен түтіктерінің маңында сөл су қалып отырады. Мұздап қалған су таспалар мен, сорғыға, және басқа да құралас бөлшектерге зиян келтіреді.

Ұя ішіне не шкафаға орнату

Қауіпсіз және тиімді түрде жұмыс істеуі үшін, жаңа кір жуғыш машинаны мына қашықтықтарды сақтап орнату керек:

Бүйір жақтары	25 мм
Үстіңгі жағы	25 мм
Артқы жағы *	50 мм
Алдыңғы жағы	500 мм



Егер кір жуғыш машина мен келтірілген қатар орнатсаңыз, ұяның немесе шкафтың алдыңғы жағында кем дегенде 500 мм ауа кіретін бос орын болуға тиіс. Кір жуғыш машинаның бір өзін жеке орнатсаңыз, ауа кіруге арналған бос орын қажет жоқ.

КІР ЖУҒЫШ МАШИНАНЫ ОРНАТУ

1-ШІ ҚАДАМ

Орналастыратын жерді таңдау



Кір жуғыш машинаны орнатардың алдында, қойылатын жерді тексеріңіз:


- Қатты, теріс, желдетуге кедергі келтіретін кілем немесе еден орнатылмаған болуы керек
- Күн сәулесі тура түсетін жерден алыс болуға тиіс
- Жеткілікті түрде желдетілетін болуы керек
- Температурасы төмен түспейтін (32 °F не 0 °C төмен емес) болуы керек
- Мұнай не газ тәрізді жанғыш заттардан алыс болуы керек
- Кір жуғыш машинаны қуат сымын басып қалмайтын етіп орнату үшін жеткілікті түрде кең болуы керек

2-ШІ ҚАДАМ


Тасымалдау тетіктерін алу

Кір жуғыш машинаны орнатар алдында, арт жағындағы тасымалдау үшін қолданылған бес болттың барлығын алу керек.


1. Жинақпен бірге келген кілтпен шегелердің барлығын босатыңыз.



2. Шегені гайка кілтімен ұстап тұрыңыз да, саңылаудың кеңірек бөлігінен өткізіп, тартып шығарыңыз. Шегенің әрбірін осы қадамды қайталап алыңыз.



3. Саңылауларды жинақпен бірге жеткізілген пластик қақпақтармен жабыңыз.




4. Тасымалдау шегелерін кір жуғыш машинаны кейін көшіру қажет болған жағдайда қолдану үшін сақтап қойыңыз.

кір жуғыш машина параметрлерін орнату


3-ШІ ҚАДАМ

Өзгермелі тіректерді реттеу


 Кір жуғыш машинаны орнатқан кезде ашаға, су құятын және төгетін түтіктерге қол оңай жететініне көз жеткізіңіз.

1. Кір жуғыш машинаны орнына сырғытып апарыңыз.

2. Кір жуғыш машинаның деңгейін, өзгермелі тіректі қажетінше ішке не сыртқа қолмен бұрау арқылы реттеңіз.



3. Кір жуғыш машинаның деңгейін реттегеннен кейін, жинақпен бірге жеткізілген кілтті қолданып гайкаларды қатайтыңыз.




4-ШІ ҚАДАМ


Су құятын және төгетін түтіктерді жалғау

Су құятын түтікті жалғау

1. Суық су түтігіне арналған L-пішімді тетікті алып, оны машинаның артындағы суық су құйылатын жерге жалғаңыз. Қолыңызбен қатайтыңыз.

 Су құятын түтіктің бір ұшын машинаға жалғап, екінші ұшын судың шүмегіне жалғау керек. Су құятын түтікті созбаңыз. Егер түтік тым қысқа болса, орнына ұзынырақ, жоғары қысымға арналған түтікті салыңыз.

2. Суық су құятын түтіктің екінші ұшын раковинадағы суық судың шүмегіне жалғаңыз да, қолыңызбен қатайтыңыз. Егер қажет болса, кір жуғыш машинадағы су құятын түтіктің ұшындағы тетікті босатып, түтікті айналдыра отырып, қайта орналастырып, тетігін қайта қатайтуыңызға болады.



Кей үлгілерде ыстық суға арналған қосымша мүмкіндік бар:


1. Ыстық су түтігіне арналған қызыл L-пішімді тетікті алып, оны машинаның артындағы ыстық су құйылатын жерге жалғаңыз. Қолыңызбен қатайтыңыз.
2. Ыстық су құятын түтіктің екінші ұшын раковинадағы ыстық судың шүмегіне жалғаңыз да, қолыңызбен қатайтыңыз.
3. Егер тек суық суды пайдаланғыңыз келсе Y-тетігін қолданыңыз.

Су құятын түтікті жалғау (кей үлгілерде)


1. Су құятын түтіктегі адаптерді алыңыз.




2. Әуелі, '+' тәрізді ұштығы бар бұрағышты қолданып, адаптердің төрт бұрандасын босатыңыз. Содан кейін адаптерді алып, көрсеткі бағытымен (2) тетігін, 5 мм орын пайда болғанша бұраңыз.




3. Адаптерді жоғары қаратып ұстаған қалпы, су шүмегіне бұрандаларды қатты қатайтып бекітіңіз. (2) тетігін, көрсеткі бағытымен бұрап, (1) және (2) тетіктерін жалғаңыз.




4. Су құятын түтікті адаптерге жалғаңыз. (3) тетігін босатқан кезде, түтік адаптерге автоматты түрде 'сырт' етіп жалғанады.

-  Су құятын түтікті адаптерге жалғап болғаннан кейін, оның дұрыс жалғанғанын су құятын түтікті төмен тартып тексеріңіз.



5. Су құятын түтіктің екінші ұшын, кір жуғыш машинаның артында орналасқан су құятын тығырыққа жалғаңыз. Түтікті сағат бағыты бойынша шегіне дейін бұраңыз.




кір жуғыш машина параметрлерін орнату


6. Суды қосып, су тығырығынан, шүмектен немесе адаптерден су ақпай тұрғанын тексеріңіз. Су ағып кетсе, алдыңғы қадамдарды қайталаңыз.




Су ағып тұрса, кір жуғыш машинаны қолданбаңыз. Себебі электр қатері орын алуы не адам жарақаттануы мүмкін.



- Егер судың шүмегі бұрама шүмек болса, су құятын түтікті шүмекке көрсетілгендей жалғаңыз.



-  Су құю үшін стандартты шүмекті қолданыңыз. Егер шүмек төртбұрыш пішінді немесе тым үлкен болса, тығыздағыш шығырықты шүмекті адаптерге кіргізбей тұрып алыңыз.


Аква түтігін жалғау (кей үлгілерде)

Аква түтігі су ағудан сақтандыру үшін шығарылған тамаша құрал.

Аква стоп құралы аква түтігіне жалғанады және түтікке зақым келгенде суды автоматты түрде ағызбайды.

Сондай-ақ, аква стоп құралында **ескерту индикаторы (А)** көрсетіледі.


Аква стоп құралын шүмекке көрсетілгендей орнатып, аква түтігін жалғаңыз.



Су төгетін түтікті жалғау


Су төгетін түтіктің ұшын үш түрлі тәсілмен жалғауға болады:

1. **Ванның жиегінен асыра іліп қою:** Су төгетін түтікті 60 ~ 90 см аралығындағы биіктікте орнату керек. Су төгетін түтіктің ұшы иіліп тұру үшін, жинақпен бірге жеткізілген пластик түтік бағыттағышты қолданыңыз. Су төгетін түтік жылжып кетпес үшін, бағыттағышты қабырғаға ілмек арқылы бекітіңіз немесе шүмекке сыммен байлаңыз.



2. **Раковинаның су төгетін түтігінің тармағына бекіту:** Су төгетін түтіктің ұшы жерден кем дегенде 60см жоғары тұру үшін, су төгетін түтіктің тармағын раковина сифонынан биік орналастыру керек.
3. **Су төгетін құбыр ішінде:** 65 см биік, тік құбырды қолдануды ұсынамыз; ол 60 см-ден қысқа және 90см-ден ұзын болмауға тиіс.

- ☑ Тік су құбырының;
 - минимум диаметрі 5 см болуға тиіс.
 - ең аз өткізгіштігі минутына 60 литр болуға тиіс.



5-ШІ ҚАДАМ

Кір жуғыш машинаны электроғына қосу

Қорек сымының ашасын AT 220-240 В / 50 Гц, сақтандырғышы немесе айырып-қосқышы бар қабырғадағы розеткаға жалғаңыз. ("**Электр қосылымы және жерге қосу**" туралы толық ақпаратты 13 беттен қараңыз.)

☑ **Сынақ кезеңі**

Орнатып болғаннан кейін **ПОЛОСКАНИЕ+ОТЖИМ (ШАЮ+АЙНАЛДЫРУ)** циклын орындау арқылы кір жуғыш машинаның дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

6-ШЫ ҚАДАМ

Баптау режимі


Samsung кір жуғыш машинасы кірдің салмағын автоматты түрде анықтайды. Салмақты барынша нақты анықтау үшін кір жуғыш машинаны орнатып болғаннан кейін дереу Баптау режимі функциясын орындауды ұсынамыз. Баптау режимі функциясын қосу үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

- ☑ Баптау режимі функциясын орындамай тұрып, барабанның немесе кір жуғыш машинаның үстінде ешнәрсе жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
1. Кір жуғыш машинаны сөндіріңіз.
 2. Температура (Темп.) және Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау) түймешіктерін қатар басып тұрып, **Қуат** түймешігін басыңыз. Кір жуғыш машина қосылады және дисплейде "CLB" пайда болады.
 3. **Бастау/Үзіліс** түймешігін басып Баптау режимі функциясын бастаңыз.
 4. Барабан сағат тілінің бағытымен және оған қарсы шамамен 3 минут айналады.
 5. Баптау режимі аяқталғанда, дисплейде "End" (Соңы) жазуы пайда болады да, кір жуғыш машина автоматты түрде сөнеді.
 6. Кір жуғыш машина енді қолдана беруге дайын тұр.


кір жуу


Жаңа Samsung кір жуғыш машинасын қолданғанда, тек кірдің қайсысын қайсысынан кейін жуу керек деген мәселеден басқа ешбір мәселе қалмайды.

ЕҢ АЛҒАШ РЕТ КІР ЖУУ

 Ең алғаш рет кір жууды бастар алдында, бос циклді (ешбір кір салмай) орындау қажет.

1. Қуат түймешігін басыңыз.
2. Жуғыш зат тартпасындағы бөлікке ① аздаған жуғыш заттан салыңыз.
3. Кір жуғыш машинаға су құйыңыз.
4. **Бастау/Үзіліс** түймешігін басыңыз.

 Бұл зауытта өткізілген сынақ кезінде машинада қалып қоюы мүмкін суды кетіреді.



Бөлік ①: Алдын ала жуғыш зат, немесе крахмалға арналған.

Бөлік ②: Негізгі жуу цикліне арналған жуғыш затқа, суды жұмсартқышқа, алдын ала жұмсартқыш затқа, крахмал және дақ кетіргішке арналған.

Бөлік ③: Қосымшаларға, мысалы мата жұмсартқыш немесе қалыптастырғышқа арналған (астыңғы жиегінен асырмаңыз, "А"-нің (MAX))

НЕГІЗГІ НҰСҚАУЛАР

1. Кірді кір жуғыш машинаға салыңыз.



Кір жуғыш машинаны шамадан тыс толтырмаңыз. Кірдің әр түрінің салынатын мөлшерін **ЕСКЕРТУ 28** беттегі кестеден қараңыз.



- Кір машина есігіне қыстырылып қалмасын, себебі су ағып кетеді.
 - Жуу циклі аяқталғаннан кейін, жуғыш зат алдыңғы жақтағы резеңке бөлікке тұрып қалуы мүмкін. Жуғыш заттың қалдығын тазалаңыз, себебі су ағуы мүмкін.
 - Су өткізбейтін заттарды жумаңыз.
2. Есікті әбден жабыңыз.
 3. Қуатты қосыңыз.
 4. Жуғыш зат пен қосымшаларды үлестіргіш қорапшаға салыңыз.
 5. Кірге лайық цикл мен параметрлерді таңдаңыз.
Жуу индикаторының шамы жанады да, бейнебетте циклдің уақыты есептеліп көрсетіледі.
 6. **Бастау/Үзіліс** түймешігін басыңыз.

БАСҚАРУ ПАНЕЛІН ҚОЛДАНУ



1. Цикл таңдау тетігі

Циклдің кептіру режимі мен айналдыру жылдамдығын таңдаңыз.

Әр циклға қатысты толық ақпаратты "Кімдерді цикл таңдау тетігін қолданып жуу" тарауын 26 беттен ашып қараңыз.

2. Сандық сызбалы дисплей

Жуу циклінің соңына дейін қалған уақытты, циклге қатысты барлық ақпаратты және ақаулық кодтарын көрсетеді.

3. Температура (Темп.) түймешігі

Судың бар температураларын таңдау арқылы жуу үшін осы түймешікті қайта-қайта басыңыз:
(Суық су $\frac{1}{2}$, 20 °C, 30 °C, 40 °C, 60 °C және 95 °C).

4. Отжим (Айналдыру) түймешігі

Айналдыру циклінің жылдамдығына сай айналдыру үшін осы түймешікті қайта-қайта басыңыз.



WW60H2*****	Шаюды кідірту, $\frac{1}{2}$, 400, 800, 1000, 1200 мин/айн
Индикатор жоқ	Шаюды кідірту: Кір соңғы шаю циклінің суында жібіп тұрады. Кірді алу үшін су төгу немесе айналдыру циклын орындау керек. (Барлық индикаторлар сөнсе, бұл Шаюды кідірту циклын көрсетеді.)
Айналдырмау $\frac{1}{2}$	Кір барабан ішінде қалады және суды соңғы рет төккеннен кейін ешбір айналдыру циклі орындалмайды.

кір жуу

5. Функция түймешігі

Параметрлердің бірін таңдау үшін осы түймешікті қайта-қайта басыңыз:


Замачивание (Жібіту) > Интенсивная (Қарқынды) > Алдын ала жуу > Полоскание+ (Шаю+) >
Замачивание (Жібіту) + Полоскание+ (Шаю+) > Интенсивная (Қарқынды) + Полоскание+ (Шаю+) >
Алдын ала жуу + Полоскание+ (Шаю+) > сөндіру

	<p>Замачивание (Жібіту) : Бұл функцияны кірдің дағын, кірді жібіту арқылы оңтайлы кетіру үшін қолданыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none">Замачивание (Жібіту) функциясы жуу циклінде 13 минут орындалады.Замачивание (Жібіту) циклі 30 минут бойы алты цикл арқылы орындалады: Замачивание (Жібіту) циклі 1 минут бойы кірді айналдырады да, 4 минут қозғалыссыз тұрады.Замачивание (Жібіту) функциясы келесі циклдарда ғана жұмыс істейді: ХЛОПОК (МАҚТА МАТА), СИНТЕТИКА (СИНТЕТИКА), УДАЛЕНИЕ ПЯТЕН (ДАҚ КЕТІРУ), ЕЖЕДНЕВ. СТИРКА (КҮНДЕЛІКТІ ЖУУ), ИНТЕНСИВНАЯ СТИРКА ЕСО (СУПЕР ЭКО ЖУУ) және ДЕТСКИЕ ВЕЩИ (БАЛАҒА КҮТІМ КӨРСЕТУ) циклдары.
	<p>Интенсивная (Қарқынды) : Қатты кірлеген кірді қарқынды айналдырып жуу үшін осы функцияны пайдаланыңыз. Өр циклде циклдің уақыты көбейе түседі.</p> <p>Қарқынды жуу функциясы келесі циклдарда ғана жұмыс істейді: ХЛОПОК (МАҚТА МАТА), СИНТЕТИКА (СИНТЕТИКА), УДАЛЕНИЕ ПЯТЕН (ДАҚ КЕТІРУ), ЕЖЕДНЕВ. СТИРКА (КҮНДЕЛІКТІ ЖУУ), ИНТЕНСИВНАЯ СТИРКА ЕСО (СУПЕР ЭКО ЖУУ) және ДЕТСКИЕ ВЕЩИ (БАЛАҒА КҮТІМ КӨРСЕТУ) циклдары.</p>
	<p>Алдын ала жуу : Бұл функцияны негізгі жуу циклының алдында кірді алдын ала жуу үшін пайдаланыңыз. Алдын ала жуу функциясы ХЛОПОК (МАҚТА МАТА), СИНТЕТИКА (СИНТЕТИКА), УДАЛЕНИЕ ПЯТЕН (ДАҚ КЕТІРУ), ЕЖЕДНЕВ. СТИРКА (КҮНДЕЛІКТІ ЖУУ), ИНТЕНСИВНАЯ СТИРКА ЕСО (СУПЕР ЭКО ЖУУ) және ДЕТСКИЕ ВЕЩИ (БАЛАҒА КҮТІМ КӨРСЕТУ) циклдарында ғана жұмыс істейді.</p>
	<p>Полоскание+ (Шаю+) : Қосымша шаю циклдерін қосу үшін осы түймешікті басыңыз. Шаю+ функциясы мына функцияда ғана жұмыс істейді: ХЛОПОК (МАҚТА МАТА), СИНТЕТИКА (СИНТЕТИКА), 15' БЫСТРАЯ СТИРКА (ЖЫЛДАМ ЖУУ), УДАЛЕНИЕ ПЯТЕН (ДАҚ КЕТІРУ), ЕЖЕДНЕВ. СТИРКА (КҮНДЕЛІКТІ ЖУУ), ИНТЕНСИВНАЯ СТИРКА ЕСО (СУПЕР ЭКО ЖУУ), ШЕРСТЬ (МАҚТА МАТА), ДЕЛИКАТНЫЕ ТКАНИ (НӨЗІК МАТА), ПОЛОСКАНИЕ+ОТЖИМ (ШАЮ+АЙНАЛДЫРУ) және ДЕТСКИЕ ВЕЩИ (БАЛАҒА КҮТІМ КӨРСЕТУ) циклдары.</p>

6. Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау) түймешігі

Бұл түймешікті Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау) параметрлерін (3 сағаттан бастап 19 дейін, бір сағаттық қадаммен қойылады) қою үшін қайта-қайта басыңыз.

Көрсетілген уақыт жуу циклінің аяқталу уақытын білдіреді.

	Көпіршік қосылатын цикл таңдалған кезде тиісті индикатор жанады.
---	--

7. Бастау/Үзіліс түймешігі


Циклді үзіліске қою және қайта бастау үшін осы түймешікті басыңыз.

8. Қуат түймешігі

Кір жуғыш машинаны қосу үшін осы түймешікті бір рет басыңыз. Содан кейін осы түймешікті тағы бір рет басып сөндіріңіз.

Қосылып тұрған кір жуғыш машинаның ешбір түймешігін 10 минуттан артық уақыт баспасаңыз, қуат автоматты түрде сөнеді.

ЦИКЛ ТАҢДАУ ТЕТІГІН ПАЙДАЛАНУ

Цикл	Сипаттамасы және кірдің ең үлкен салмағы (кг)	
ХЛОПОК (МАҚТА МАТА)	Орташа немесе жеңіл кірлеген мақта мата, төсек жаймасы, үстел жапқыш, іш киім, сүлгі, жейде т.с.с. үшін. Салмағы 2,0 кг немесе бұдан аз төсек жабдықтарын жуу үшін ұсынылатын айналдыру жылдамдығы 800 мин/айн.	6
СИНТЕТИКА (СИНТЕТИКА)	Орташа немесе шамалы кірлеген, полиэфир (диопен, тревира), полиамид (перлон, нейлон) не басқа ұқсас талшықтардан жасалған блуза, жейде т.с.с. заттарға арналған.	3
15' БЫСТРАЯ СТИРКА (ЖЫЛДАМ ЖУУ)	Шамалы кірлеген, 2 кг-нан аз кірді тез жуу үшін қолдануға болады. Бұл цикл кем дегенде 15 минут орындалады, бірақ циклдің ұзақтығы судың қысымы, судың кермектігі, құйылатын судың температурасы, бөлме температурасы, кірдің түрі мен салмағы, кірдің деңгейі, қолданылған жуғыш заттар, теңгерімсіз салмақ, электр тоғының ауытқуы және қосымша таңдалған параметрлерге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.  20 г-нан аз жуғыш зат (2 кг кірге) пайдалану керек, әйтпесе жуғыш зат кірлерде қалады.	2
ДЕТСКИЕ ВЕЩИ (БАЛАҒА КҮТІМ КӨРСЕТУ)	Жоғары температура мен қосымша шаю циклдары баланың терісіне зиян келтіретін жуғыш заттың киімде қалмауын қамтамасыз етеді.	3
ЕЖЕДНЕВ. СТИРКА (КҮНДЕЛІКТІ ЖУУ)	Іш киім және жейде тәрізді күнделікті киілетін киімдерге арналған.	3
УДАЛЕНИЕ ПЯТЕН (ДАҚ КЕТІРУ)	Дақ түскен киімдерге арналған. УДАЛЕНИЕ ПЯТЕН (ДАҚ КЕТІРУ) циклы дақтарды алдын ала тазалап алуды қажет етпейді және дақтарды киімге ерекше күтім жасай отырып тамаша тазалайды. Дақты барынша тамаша тазалау үшін осы циклды пайдаланғанда, әр түрлі дақтарды жалпы тазалап шығу үшін ішкі қыздырғыштың көмегімен судың температурасын қосып отыратын, ыстық температурадағы су параметрін қолдануды ұсынамыз.	3
ИНТЕНСИВНАЯ СТИРКА ЕСО (СУПЕР ЭКО ЖУУ)	Төмен температуралы ИНТЕНСИВНАЯ СТИРКА ЕСО (СУПЕР ЭКО ЖУУ) циклы қуатты тиімді түрде үнемдей отырып, тамаша жуу нәтижесіне қол жеткізуге көмектеседі.	3
ВЕРХНЯЯ ОДЕЖДА (СЫРТҚЫ КИІМ)	Тауда, шаңғы тепкенде киетін немесе спорт киімдері тәрізді су өткізбейтін киімдерге арналған. Маталарға функциональдық технология негізінде жасалған спандекс, стреч, микро-талшық тәрізді маталар жатады.	2
ШЕРСТЬ (МАҚТА МАТА)	Машинада жууға болатын жүн матаға ғана арналған. Кірдің салмағы 1,5 кг-нан аз болуға тиіс. Жүн мата циклы кірді баппен шайқай отырып жуады. Жуу кезінде баппен шайқау және жібіту әрекеттері үздіксіз орындалып, жүн мата талшықтарын отырып қалудан/бүлінуден сақтайды да, өте баппен таза жуады. Кір жуғыш машинаның жібіту циклындағы тоқтату/бастау функциясы ақаулық болып саналмайды. Жүн мата циклында жуу нәтижесін жақсарту және жүн матаның талшықтарына ерекше күтім көрсету үшін бейтарап жуғыш затты пайдалануды ұсынамыз.	1,5
ДЕЛИКАТНЫЕ ТКАНИ (НӘЗІК МАТА)	Нәзік маталар, төс тартқыштар, әйелдердің іш киімі (жібек) және басқа тек ғана қолмен жуылатын заттарға арналған. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін сұйық жуғыш затты қолданыңыз.	1,5
ОТЖИМ (АЙНАЛДЫРУ)	Суды барынша сығу үшін қосыша айналдыру циклын орындайды.	-
ПОЛОСКАНИЕ+ОТЖИМ (ШАЮ+АЙНАЛДЫРУ)	Тек шаюды қажет ететін кір үшін не шаю циклына мата жұмсартқыш құйған кезде қолданыңыз.	-

кір жуу


Бала қауіпсіздігінің құралы


Бала қауіпсіздігінің құралы функциясы таңдаған жуу циклы өзгеріп кетпес үшін түймешіктерді құлыптап қоюға мүмкіндік береді.

Қосу/Ажырату

Егер Бала қауіпсіздігінің құралы функциясын қосқыңыз немесе сөндіргіңіз келсе, **Температура (Темп.)** және **Отжим (Айналдыру)** түймешіктерін

3 секунд қатар басып ұстап тұрыңыз. Бұл функция қосылған кезде **"Бала қауіпсіздігінің құралы"** жанады.

 Бала қауіпсіздігінің құралы функциясы қосылған кезде **Қуат** түймешігі ғана жұмыс істейді. Бала қауіпсіздігінің құралы функциясы электротоғына қосып немесе одан ажыратқаннан кейін немесе қуат сымын ажыратып, қайта қосқаннан кейін де белсенді тұрады.



Дыбыстық сигналды сөндіру

Дыбыстық сигналды сөндіру функциясын барлық цикл кезінде таңдауға болады. Бұл функцияны таңдаған кезде, үнділік барлық цикл кезінде өшіп тұрады. Тіптен қуат үздіксіз қосылып, сөніп тұрса да, параметр өз орнында қалады.


Қосу/Ажырату

Егер Дыбыстық сигналды сөндіру функциясын қосқыңыз немесе сөндіргіңіз келсе, **Отжим (Айналдыру)** және **Функция** түймешіктерін 3 секунд қатар басып ұстап тұрыңыз.



Смарт тексеру

Бұл функция смартфонның көмегімен кір жуғыш машинаның қалып-күйін тексеруге мүмкіндік береді.

 Смарт тексеру функциясы келесі құралдарға лайықталған:
Galaxy және iPhone сериялары (кей үлгілерде қолдау көрсетілмейді)

Samsung Smart кір жуғыш машинасы бағдарламалық жасақтамасын қотарып алу

Samsung Smart кір жуғыш машинасы бағдарламасын Android нарығы немесе Apple App дүкені тораптарынан ұялы телефоныңызға қотарып алыңыз және орнатыңыз. Оны "Samsung Smart кір жуғыш машинасы" сөз тіркесімі арқылы оңай таба аласыз.

Смарт тексеру функциясын пайдалану

- Функция және Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау) түймешіктерін** Смарт тексеру функциясын қосуға байланысты ақау пайда болса, 3 секунд қатар басып ұстап тұрыңыз. Сонымен қатар, Смарт тексеру функциясын кір жуғыш машинаны қосқаннан кейін ешбір түймешік басылмаса қосуға болады.
- Дисплейдегі LED сегменттері 2 немесе 3 секунд айналады да, кір жуғыш машинаның дисплейінде Смарт тексеру коды пайда болады.



- Смартфондағы **Samsung Smart кір жуғыш машинасы** бағдарламасын қосыңыз да, **Смарт тексеру** түймешігін басыңыз.
 -  "Смарт тексеру" параметрі таңдалған тілге қарай "Смарт күтім" қалпына қойылуы мүмкін.
- Смартфонның камерасын кір жуғыш машинаның дисплейінде көрсетілген Смарт тексеру кодына бағыттаңыз.
 -  Егер кір жуғыш машинаның дисплейіне шамның, флюоресцентті шамның жарығы шағылысып тұрса, смартфон Смарт кодты оңай тани алмауы мүмкін.
 - Егер смартфонды дисплейдің алдына өте кең доғал бұрыш жасап ұстап тұрсаңыз, телефон қателік кодын тани алмауы мүмкін. Тамаша нәтижеге қол жеткізу үшін смартфонды дисплейге параллель немесе барынша параллель ұстап тұру керек.
- Егер камераның фокусы дұрыс болса, Смарт тексеру коды автоматты түрде танылады және смартфонда кір жуғыш машинаның қалып-күйіне қатысты нақты ақпарат, ақаулық және түзету шаралары көрсетіледі.
- Егер смартфон Смарт тексеру кодын екі рет қатарынан тани алмаса, кір жуғыш машинаның дисплейінде көрсетілген Смарт тексеру кодын Samsung Smart кір жуғыш машинасы бағдарламасына қолдан енгізіңіз.

кір жуу

Кешіктіріп аяқтау

Кір жуғыш машинаны, кір жууды кейін автоматты түрде аяқтау үшін, кешіктіріп аяқтау уақытын 3-тен бастап 19 сағат (1 сағаттық қадаммен) аралығында таңдауыңызға болады. Көрсетілген сағат мәні, жуу циклінің аяқталу уақытын білдіреді.

1. Кір жуғыш машина параметрін жуылатын кірдің түріне қарай қолдан немесе автоматты түрде орнатыңыз.
2. Кешіктіру уақыты орнатылғанша **Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)** түймешігін қайта-қайта басыңыз.
3. **Бастау/Үзіліс** түймешігін басыңыз. “**Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)** ☹” индикаторы жанады да, сағат орнатылған уақытқа жеткенше кері санақты бастайды.
4. Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау) функциясын біржола тоқтату үшін **Қуат** түймешігін басыңыз да, содан кейін кір жуғыш машинаны қайта қосыңыз.

Киімдерді цикл таңдау тетігін қолданып жуу

Жаңа кір жуғыш машинаңыз кір жууды Samsung “Fuzzy Control” автоматты басқару жүйесін қолдану арқылы жеңілдетеді. Жуу бағдарламасын таңдаған кезде, машина дұрыс температураны, жуу уақытын және жуу жылдамдығын орнатады.

1. Раковинадағы су шүмегін ашыңыз.
2. **Қуат** түймешігін басыңыз.
3. Есікті ашыңыз.
4. Заттарды барабанға бір-бірден, қатты толтырмай салыңыз.
5. Есікті жабыңыз.
6. Жуғыш затты, жұмсақты және алдын ала жуғыш затты (егер қажет болса) тиісті үлестіргіштерге салыңыз.



Алдын ала жуу функциясы ХЛОПОК (МАҚТА МАТА), СИНТЕТИКА (СИНТЕТИКА), УДАЛЕНИЕ ПЯТЕН (ДАҚ КЕТІРУ), ЕЖЕДНЕВ. СТИРКА (КҮНДЕЛІКТІ ЖУУ), ИНТЕНСИВНАЯ СТИРКА ЕСО (СУПЕР ЭКО ЖУУ) және ДЕТСКИЕ ВЕЩИ (БАЛАҒА КҮТІМ КӨРСЕТУ) циклдарында ғана жұмыс істейді.

7. Тиісті циклді матаның түріне қарай таңдау үшін **Цикл таңдау** тетігін қолданыңыз: ХЛОПОК (МАҚТА МАТА), СИНТЕТИКА (СИНТЕТИКА), 15' БЫСТРАЯ СТИРКА (ЖЫЛДАМ ЖУУ), ДЕТСКИЕ ВЕЩИ (БАЛАҒА КҮТІМ КӨРСЕТУ), ЕЖЕДНЕВ. СТИРКА (КҮНДЕЛІКТІ ЖУУ), УДАЛЕНИЕ ПЯТЕН (ДАҚ КЕТІРУ), ИНТЕНСИВНАЯ СТИРКА ЕСО (СУПЕР ЭКО ЖУУ), ВЕРХНЯЯ ОДЕЖДА (СЫРТҚЫ КИІМ), ШЕРСТЬ (МАҚТА МАТА), ДЕЛИКАТНЫЕ ТКАНИ (НӨЗІК МАТА). Басқару панелінде тиісті индикаторлар жанады.
8. Осы кезде жуу температурасын, шаю мөлшерін, айналдыру жылдамдығын және кешіктіріп бастау параметрлерін, тиісті параметр түймешігін басып реттеуге болады.
9. **Бастау/Үзіліс** түймешігін басыңыз, кір жуыла бастайды. Үрдіс индикаторы жанады да, бейнебетте циклдің соңына дейін қалған уақыт пайда болады.

Үзіліс параметрі

Жуу басталғаннан кейін 5 минут ішінде, кірді қосып салуға/алуға болады.

1. Есіктің бұғатын ашу үшін **Бастау/Үзіліс** түймешігін басыңыз.



Су өте ЫСТЫҚ болған кезде немесе судың деңгейі өте ЖОҒАРЫ болған кезде есікті ашу мүмкін емес.

2. Есікті жапқаннан кейін, жуу циклын қайта бастау үшін **Бастау/Үзіліс** түймешігін басыңыз.

Цикл аяқталған кезде:

Цикл толығымен аяқталған кезде, қуат автоматты түрде сөнеді.

1. Есікті ашыңыз.
2. Кірді алыңыз.

Кірді қолмен жуу

Кірді Цикл таңдау тетігін қолданбай қолдан жууға болады.

1. Суды қосыңыз.
2. Кір жуғыш машинадағы **Қуат** түймешігін басыңыз.
3. Есікті ашыңыз.
4. Заттарды барабанға бір-бірден, қатты толтырмай салыңыз.
5. Есікті жабыңыз.
6. Жуғыш затты, қажет болса жұмсартқыш немесе алдын ала жуғыш затты тиісті үлестіргішке салыңыз.
7. Температураны таңдау үшін **Температура (Темп.)** түймешігін басыңыз.
(Суық су $\frac{3}{4}$, 20 °C, 30 °C, 40 °C, 60 °C және 95 °C)
8. **Функция** түймешігін Полоскание+ (Шаю+) шаю циклының уақытын қосу үшін басыңыз.
Жуу циклінің ұзақтығы сәйкесінше ұзарады.
9. Айналыру жылдамдығын таңдау үшін **Отжим (Айналыру)** түймешігін басыңыз.
Шаюды кідірту функциясы кір жуғыш машинадан әлі дымқыл тұрған кірлерді алуға мүмкіндік береді. (Индикатор жоқ; Шаюды кідірту, $\frac{3}{4}$: Айналырмау)
10. **Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)** түймешігін қолжетімді Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау) параметрлерін (3 сағаттан бастап 19 сағатқа дейін, бір сағаттық қадаммен қойылады) шолу үшін қайта-қайта басыңыз. Көрсетілген сағат мәні, жуу циклінің аяқталу уақытын білдіреді.
11. **Бастау/Үзіліс** түймешігін басыңыз, цикл басталады.

КІР ЖУУ ТУРАЛЫ КЕҢЕС

Кірді барынша таза жуу, әрі кір жуу үрдісі барынша оңтайлы болуы үшін мына қарапайым нұсқауларды орындаңыз.

 Киімді жуар алдында әрқашан затбелгісін тексеріңіз.

Кірді төмендегі белгілері бойынша сұрыптап жуыңыз:

- Затбелгі: Кірді мақта мата, аралас мата, синтетика, жібек мата, жүн мата және жасанды талшық бойынша сұрыптаңыз.
- Түсі: Ақ және түрлі-түсті етіп бөліңіз. Жаңа, түрлі-түсті заттарды жеке жуыңыз.
- Көлемі: Үлкендіктері әр түрлі заттарды бірге жуғанда, жуу үрдісі жақсара түседі.
- Нәзіктік: Нәзік матадан жасалған заттарды, таза, жаңа жүн заттарға арналған, перде және жібек матаға арналған Баппен жуу циклін қолданып жеке жуыңыз. Жуылатын заттардың затбелгісін тексеріңіз немесе қосымшада берілген матаға күтім көрсету кестесін қараңыз.

Қалталарды босату

Жуу циклін бастамай тұрып, киімдердің барлық қалталарын босату керек. Кішкене, пішімі бірегей емес, тиын, пышақ, түйреуіш және қағаз қыстырғыш тәрізді заттар кір жуғыш машинаға нұқсан келтіруі мүмкін. Үлкен қапсырмасы, түймелері бар немесе ауыр темір зат тағылған киімдерді жумаңыз.

Киімге тағылған темір зат киімді, сондай-ақ барабанды бүлдіруі мүмкін. Түймелері бар және жиектері көмкерілген киімдердің астарын, жумай тұрып сыртына аударыңыз. Егер шалбарлардың немесе күртшелердің тартпалары жуған кезде ашық тұрса, барабан бүлінуі мүмкін. Тартпаларды жумай тұрып салып, баумен бекіту керек.

Ұзын бауы бар киімдер басқа киімдерге байланып қалып, оларды бүлдіруі мүмкін. Киімнің бауларын жумай тұрып байлаңыз.

Мақта матаны алдын ала жуу




Жаңа кір жуғыш машинаңыз, соңғы заманғы жуғыш заттарды қолданғанда қуатты, уақытты, су мен жуғыш затты үнемдей отырып, тамаша жуу нәтижесіне жетуге көмектеседі. Дегенмен, мақта мата қатты кірлеген жағдайда, протеин негізінде жасалған жуғыш затпен алдын ала жуыңыз.


кір жуу

Кірдің салынатын мөлшерін анықтау

Кір жуғыш машинаға өте көп кір салмаңыз, кір дұрыс жуылмай қалуы мүмкін. Қай кірді қанша мөлшерде салуға болатындығын төмендегі кестеге қарап анықтаңыз.

Матаның түрі	Кірдің салынатын мөлшері
ХЛОПОК (МАҚТА МАТА)	6,0 кг
СИНТЕТИКА (СИНТЕТИКА)	3,0 кг
ДЕЛИКАТНЫЕ ТКАНИ (НӘЗІК МАТА)	1,5 кг
ВЕРХНЯЯ ОДЕЖДА (СЫРТҚЫ КИИМ)	2,0 кг

-  Кірдің теңгерімі дұрыс болмаса (бейнебетте “UE” жанады) қайта таратып салыңыз. Егер кірдің теңгерімі дұрыс болмаса, айналдыру тиімділігі төмендеуі мүмкін.
- Кір жуған кезде, жуу уақыты ұзаруы немесе айналдыру тиімділігі төмендеуі мүмкін.
-  **Төс тартқышты (сумен жуылатын) кір жууға арналған торға (жеке сатылады) салыңыз.**
 - Төс тартқыштың темір бөліктері матаны тесіп, оны бүлдіруі мүмкін. Сондықтан да, оларды киім жууға арналған торға салуды ұмытпаңыз.
 - Нәски, қолғап, беторамал тәрізді кішкене, жеңіл заттар есіктің арасына қыстырылып қалуы мүмкін. Оларды кір жууға арналған торға салыңыз.
-  Кір жууға арналған торды кір салмай жумаңыз. Себебі кір жуғыш машина қалыптан тыс дірілдеп, орнынан жылжып, оқыс жағдай орын алуы немесе адам жарақаттануы мүмкін.





ЖУҒЫШ ЗАТ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ЗАТТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қолдануға болатын жуғыш заттар

Қолдануға болатын жуғыш затты матаның түріне (мақта мата, синтетика заттар, баппен жуылатын жүн мата), түсіне, жуу температурасына, кірдің деңгейіне қарап пайдалану керек. Өрқашан автомат кір жуғыштарға арналған “аз көпіршитін” жуғыш заттарды қолданыңыз.



Жуғыш затты өндіруші нұсқауларын кірдің салмағын, кірдің деңгейін, аймағыңыздағы судың кермектігін ескере отырып орындаңыз. Егер қолданылатын судың қаншалықты кермек екенін білмесеңіз, жергілікті су мекемесіне хабарласыңыз.



-  Қатып қалған жуғыш затты қолданбаңыз, себебі шаю циклі кезінде қалып қоюы мүмкін. Кір жуғыш машинаның шаю цикліне кедергі келтіруі немесе түтіктерді бітеуі мүмкін.
-  Жүн мата режимін пайдаланғанда келесіні ескеріңіз.
 - Жүн матаға арналған сұйық жуғыш затты ғана пайдаланыңыз.
 - Ұнтақ жуғыш затты пайдаланған кезде, кірден кетпей қалып, материалға (жүн) зақым келтіруі мүмкін.

Жуғыш зат үлестіргіші



Кір жуғыш машинаңыздың жуғыш зат пен мата жұмсартқышқа арналған жеке-жеке үлестіргіштері бар. Кірге арналған қоспаларды, кір жуғыш машинаны іске қоспай тұрып тиісті үлестіргіштерге салыңыз.


 Кір жуғыш машина жұмыс істеп тұрғанда жуғыш зат үлестіргішті АШПАҢЫЗ.


1. Басқару панелінің сол жағында орналасқан жуғыш зат үлестіргішін тартып шығарыңыз.
2. Жуғыш затты жуғыш зат үлестіргішке  кір жуғыш машинаны іске қоспай тұрып, ұсынылған мөлшерде салыңыз.
3. Егер қажет болса, мата жұмсартқышқа арналған үлестіргішке  мата жұмсартқышты ұсынылған мөлшерде құйыңыз.

 Ешбір ұнтақ/сұйық жуғыш затты мата жұмсартқышқа арналған үлестіргішке  ҚҰЙМАҢЫЗ.


АБАЙ БОЛЫҢЫЗ





4. Алдын ала жуу параметрін қолданған кезде жуғыш затты алдын ала жуу қорапшасына  ұсынылған мөлшерде салыңыз.

 Үлкен заттарды жуғанда келесі жуғыш заттарды ҚОЛДАНБАҢЫЗ.

- Таблетка және капсул ішіндегі жуғыш заттар
- Шарик немесе торға салынатын жуғыш заттар

 Концентрацияланған немесе қою мата жұмсартқыштарды және мата жақсартқыштарды қолданар алдында, үлестіргішке құймай тұрып аздаған су қосып сұйылтып алыңыз (түтікше бітеліп қалмас үшін).

 Мата жұмсартқышты шаю цикліне арналған қорапшаға салғаннан кейін үлестіргішті жапқанда, мата жұмсартқыш төгілмеу үшін абай болыңыз.




кір жуғыш машинаны тазалау және оған күтім көрсету

Кір жуғыш машинаны таза ұстаған кезде жақсы жұмыс жасайды, жөндеу жұмыстарының алдын алады, құрылғының қолданыс мерзімі ұзарады.


КІР ЖУҒЫШ МАШИНА СУЫН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДА ТӨГУ


1. Кір жуғыш машинаны тоқтан ажыратыңыз.
2. Сүзгінің қақпағын тиынмен немесе кілтпен ашыңыз.



3. Суды төтенше жағдайда төгетін түтікті алға тартып, бағыттағыш ілмектен босатыңыз.



4. Суды төтенше жағдайда төгетін түтікті жауып тұрған қақпақты алыңыз.
5. Барлық суды шараға құйыңыз.
-  Қалған судың көлемі сіз күткендегіден көп болуы мүмкін. Үлкенірек тегеш дайындаңыз.
6. Қақпақты суды төтенше жағдайда төгетін түтікке қайта жауып, суды төтенше жағдайда төгетін түтікті бағыттағыш ілмекке салыңыз.
7. Сүзгінің қақпағын қайта салыңыз.




КОРПУСТЫҢ СЫРТЫН ТАЗАЛАУ


1. Кір жуғыш машинаның бетін, сонымен қатар басқару панелін тұрмыста қолданылатын, жеміргіш емес жуғыш зат пен жұмсақ шүберекті қолданып сүртіңіз.
2. Корпустың сыртын құрғақ шүберекпен құрғатыңыз.
3. Кір жуғыш машинаның ішіне су құймаңыз.

ЖУҒЫШ ЗАТ ҮЛЕСТІРГІШ ПЕН ҮЛЕСТІРГІШ ҰЯСЫН ТАЗАЛАУ


1. Жуғыш зат үлестіргіштің ішіндегі тетікті басып, жуғыш зат үлестіргішті тартып шығарыңыз.
2. Жуғыш зат тартпасының босату тетігін алыңыз.



3. Барлық бөліктерін ағып тұрған сумен жуыңыз.



4. Жуғыш зат үлестіргіштің ұясын ескі тіс шөткесімен тазалаңыз.
5. Жуғыш зат белгішті жуғыш зат үлестіргішке мықтап басу арқылы салыңыз.
6. Үлестіргішті орнына қойыңыз.
7. Қалған жуғыш затты тазалау үшін, барабанға ешбір кір салмай шаю циклін орындаңыз.



кір жуғыш машинаны тазалау және оған күтім көрсету


ҚОҚЫС СҮЗГІСІН ТАЗАЛАУ

Қоқыс сүзгісін жылына 5 не 6 рет немесе "5E" жазуы көрсетілген кезде тазалауды ұсынамыз. (Алдыңғы беттегі "Кір жуғыш машина суын төтенше жағдайда төгу" атты тарауды қараңыз.)




Қоқыс сүзгісін тазалар алдында қорек сымын ағытуды ұмытпаңыз.


1. Әуелі қалған суды төгіңіз ("**Кір жуғыш машина суын төтенше жағдайда төгу**") атты тарауды **30** беттен қараңыз.)


 Егер қалған суды төкпей тұрып сүзгіні алсаңыз, қалған су төгіліп қалуы мүмкін.


2. Сүзгінің қақпағын кілтті немесе тиынды қолданып ашыңыз.
3. Тосын жағдайда су төгуге арналған түтіктің қақпағын солға бұрап ашыңыз да судың барлығын төгіңіз.
4. Қоқыс сүзгісінің (A) қақпағын бұрап ағытыңыз.




5. Қоқыс сүзгісіндегі қоқыс немесе басқа затты жуып кетіріңіз. Қоқыс сүзгісінің артындағы су төгетін сорғы қозғалтқышының бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.
6. Қоқыс сүзгісінің қақпағын орнына салыңыз.
7. Сүзгінің қақпағын орнына салыңыз.



 Қоқыс сүзгісін тазалап болғаннан кейін міндетті түрде орнына салыңыз. Қоқыс сүзгісін машинаға қайта салмасаңыз, кір жуғыш машина дұрыс жұмыс істемеуі немесе су ағуы мүмкін.



 Қоқыс сүзгісін тазалап болғаннан кейін мықтап қатайтыңыз. Әйтпесе ақау пайда болуы немесе су ағуы мүмкін.



СУ ТҮТІГІНІҢ ТОРКӨЗ СҮЗГІСІН ТААЗАЛАУ

Су түтігінің торкөз сүзгісін кем дегенде жылына бір рет тазалап отыру керек немесе бейнебетте "4E" жазуы көрсетілген кезде тазалау керек:

1. Кір жуғыш машинаға су құюды тоқтатыңыз.
2. Машинаның арт жағындағы түтікті бұрап ағытып алыңыз. Түтіктегі қысымға байланысты су атқылап кетпес үшін, түтікті шүберекпен жабыңыз.
3. Түтіктің ұшындағы торкөз сүзгіні, қысқышты пайдаланып еппен тартып шығарыңыз да, сумен тазарғанша шайыңыз. Сонымен қатар, бұрама жалғастырғыштың іші мен сыртын тазалаңыз.
4. Сүзгіні орнына қойыңыз.
5. Сүзгіні жуғыш машинаға бұрап салыңыз.
6. Қосылымнан су ақпайтынына көз жеткізіңіз де, судың шүмегін ашыңыз.



МҰЗДАП ҚАЛҒАН КІР ЖУҒЫШ МАШИНАНЫ ЖӨНДЕУ

Егер температура нөлден төмендеп кетіп, кір жуғыш машинаңыз қатып қалса:

1. Кір жуғыш машинаны тоқтан ажыратыңыз.
2. Су құятын түтікті жібіту үшін, шүмектің үстінен жылы су құйыңыз.
3. Су құятын түтікті алыңыз да, жылы суға салып жібітіп қойыңыз.
4. Кір жуғыш машина барабанына жылы су құйып, 10 минут қоя тұрыңыз.
5. Су құятын түтікті судың шүмегіне қайта жалғап, су құю мен су төгу жүйелерінің дұрыс жұмыс жасап тұрғанына көз жеткізіңіз.

КІР ЖУҒЫШ МАШИНАНЫ САҚТАУ

Кір жуғыш машинаны ұзақ уақыт бойы сақтап қойғыңыз келсе, суын төгіп, ағытып қойған дұрыс. Кір жуғыш машинаны сақтар алдында, түтіктердегі және ішкі құралас бөліктеріндегі суды төкпесе, машинаға нұқсан келуі мүмкін.

1. 15' БЫСТРАЯ СТИРКА (ЖЫЛДАМ ЖУУ) циклін таңдаңыз да, ағартқышқа арналған қорапқа ағартқыштан салыңыз. Кір жуғыш машинаны ешбір кір салмай цикл аяқталғанша қосып қойыңыз.
2. Су шүмектерін жабыңыз да, су құятын түтіктерді ағытыңыз.
3. Кір жуғыш машинаны электр тоғынан ағытып, барабан ішінде ауа айналып тұруы үшін есігін ашық қалдырыңыз.



Егер кір жуғыш машина температурасы нөлден төмен жерде сақталса, қайта іске қосар алдында машинада қалып қоюы мүмкін су ерігенше біраз күтіңіз.

ақаулықты түзету және ақпарат кодтары

КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДА МЫНАЛАРДЫ ТЕКСЕРІҢІЗ...

АҚАУЛЫҚ	ШЕШІМІ
Машина жұмыс істей бастамайды	<ul style="list-style-type: none">• Кір жуғыш машинаның тоққа қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.• Есіктің өбден жабылып тұрғанына көз жеткізіңіз.• Судың шүмегі (тері) ашық тұрғанына көз жеткізіңіз.• Бастау/Үзіліс түймешігін басуды ұмытпаңыз.
Су жоқ немесе су жеткіліксіз	<ul style="list-style-type: none">• Судың шүмегін шегіне дейін ашыңыз.• Су құятын түтіктің мұздап қалмағанын тексеріңіз.• Су құятын түтіктерді түзетіңіз.• Су құятын түтіктің сүзгісін тазалаңыз.
Жуу циклі аяқталғаннан кейін жуғыш зат үлестіргіште жуғыш зат қалып қояды	<ul style="list-style-type: none">• Кір жуғыш машинаға құйылатын су қысымының жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз.• Жуғыш заттың жуғыш зат үлестіргіштің ортасына салынғанына көз жеткізіңіз.
Машина дірілдейді не қатты шуыл шығарады	<ul style="list-style-type: none">• Кір жуғыш машинаның тегіс жерге қойылғанына көз жеткізіңіз. Егер жердің беті тегіс болмаса, өзгермелі тіректің көмегімен құрылғының биіктігін реттеңіз.• Тасымалдау шегелерінің алынғанын тексеріңіз.• Кір жуғыш машинаның басқа заттарға тиіп тұрмағанына көз жеткізіңіз.• Кірдің теңгерімі дұрыс екеніне көз жеткізіңіз.
Кір жуғыш машина жумайды және/не айналдырмайды	<ul style="list-style-type: none">• Су төгетін түтікті түзетіңіз. Бұралып қалса түзетіңіз.• Қоқыс сүзгісінің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.
Есік жабық немесе ашылмайды.	<ul style="list-style-type: none">• Барабан ішіндегі судың толық төгілгеніне көз жеткізіңіз.• Есік бекітпесінің индикаторының сөніп тұрғанына көз жеткізіңіз. Есік бекітпесінің индикаторы су төгілгеннен кейін сөнеді.

Егер ақаулық жалғаса берсе, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

АҚПАРАТ КОДТАРЫ

Кір жуғыш машинаңызда ақау пайда болса, бейнебетте ақаулық коды көрсетілуі мүмкін. Бұндай жағдай орын алса, қызмет көрсету орталығына хабарласпай тұрып, мына кестеге қарап, ақаулықты ұсынылған кеңестер бойынша түзетіп көріңіз.

КОД ТАҢБАСЫ	ШЕШІМІ
dE	<ul style="list-style-type: none"> • Есіктің әбден жабылып тұрғанына көз жеткізіңіз. • Кірлердің есікке қыстырылып қалмағанына көз жеткізіңіз.
4E	<ul style="list-style-type: none"> • Су құятын шүмек(тер) ашық тұрғанына көз жеткізіңіз. • Судың қысымын тексеріңіз. • Су құятын түтіктегі торкөз сүзгіні тазалаңыз. • Су құятын түтіктің жаншылып немесе бітеліп қалмағанын тексеріңіз. • Осындай қате орын алғанда, кір жуатын машина суды автоматты түрде 3 минут төгеді. Осы кезде қуат түймешігі белсенді күйде тұрмайды.
5E	<ul style="list-style-type: none"> • Қоқыс сүзгісін тазалаңыз. • Су төгетін түтіктің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
UE	<ul style="list-style-type: none"> • Кірдің теңгерімі дұрыс емес. Кірді қайта таратып салыңыз. Егер тек бір ғана кірді, мысалы монша халатын немесе джинс шалбарды жуу қажет болса, соңғы айналдыру нәтижесі қанағаттанғысыз болуы мүмкін және бейнебетте ақаулықты көрсететін "UE" жазуы пайда болады.
cE / 3E / Uc	<ul style="list-style-type: none"> • Пайдаланушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.






Жоғарыда көрсетілмеген код көрініс берсе, немесе ұсынылған шешім ақаулықты түзетуге көмектеспесе Samsung қызмет көрсету орталығына немесе жергілікті Samsung дилеріне хабарласыңыз.

ҚОСЫМША

МАТАҒА КҮТІМ КӨРСЕТУ КЕСТЕСІ

Келесі таңбалар матаға күтім көрсетуге қатысты жалпылама нұсқау ретінде берілген. Күтім көрсету затбелгісінде келесі таңбалар мынадай ретпен берілген: жуу, ағарту, кептіру және үтіктеу және қажет болса құрғақтай тазалау.

Бұл таңбалар отандық және шетелдік киім өндірушілердің затбелгілерінде бірдей қолданылады. Киім тез тозбай, жуған кезде ешбір мәселе туындамас үшін, оның затбелгісіндегі нұсқауларды орындаңыз.

 Төзімді материал	 Макс. 100 °C үтіктеуге болады
 Нәзік мата	 Үтіктемеңіз
 95 °C градуста жууға болады	 Кез келген еріткішті қолданып құрғақтай тазалауға болады
 60 °C градуста жууға болады	 Перхлорид, жеңіл жанармай, таза спиртті немесе тек R113 қолданып құрғақтай тазалаңыз
 40 °C градуста жууға болады	 Ұшақ жанармай, таза спиртті немесе тек R113 қолданып құрғақтай тазалаңыз
 30 °C градуста жууға болады	 Құрғақтай тазаламаңыз
 Қолмен жуу керек	 Жатқызып қойып кептіру керек
 Тек құрғақтай тазалау керек	 Іліп кептіру керек
 Суық суға салып ағартуға болады	 Киім ілгішке іліп кептіру керек
 Ағартпаңыз	 Кептіргіш машинамен, қалыпты қызумен кептіріледі
 Макс. 200 °C үтіктеуге болады	 Кептіргіш машинамен, төмендетілген қызумен кептіріледі
 Макс. 150 °C үтіктеуге болады	 Кептіргіш машинамен кептірмеңіз

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

- Бұл құрылғы қайта өңдеуден өткізуге болатын материалдардан жасалған. Егер бұл құрылғыны тастағыңыз келсе, жергілікті қоқыс тастау ережелерін орындаңыз. Құрылғыны тоққа қосуға жол бермес үшін қорек сымын кесіп алыңыз. Жануарлар мен кішкене балалар қамалып қалмас үшін, есігін ағытып алыңыз.
- Жуғыш затты өндіруші нұсқаулығында көрсетілген мөлшерден артық мөлшерде пайдаланбаңыз.
- Дақ кетіретін және ағартқыш заттарды, тек өте қажетті жағдайларда ғана, жуу циклі басталмай тұрып қолданыңыз.
- Су мен электр қуатын, кірді толтыра салып жуу арқылы үнемдеңіз (кірдің нақты мөлшері қолданылатын бағдарламаға байланысты анықталады).

СӘЙКЕСТІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Бұл құрылғы Еуропалық одақтың қауіпсіздік стандартына, EC 93/68 ережесіне және EN стандартына 60335 сай келеді.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

ТҮРІ		КІР АЛДЫҢҒЫ ЖАҒЫНАН САЛЫНАТЫН МАШИНА	
ҮЛГІ		WW60H2*****	
ӨЛШЕМІ		Е600 мм X Т450 мм X Б850 мм	
СУДЫҢ ҚЫСЫМЫ		50 ~ 800 кПа	
СУДЫҢ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ		39 ℓ	
ТАЗА САЛМАҒЫ		54 кг	
ЖУУ ЖӘНЕ АЙНАЛДЫРУ МҮМКІНДІГІ		6,0 кг	
ТҰТЫНЫЛАТЫН ҚҰАТ МӨЛШЕРІ	ЖУУ	220 В	150 Вт
		240 В	150 Вт
	ЖУУ ЖӘНЕ ҚЫЗДЫРУ	220 В	2000 Вт
		240 В	2400 Вт
	АЙНАЛДЫРУ	230 В	530 Вт
СОПҒЫ		34 Вт	
АЙНАЛДЫРУ АЙНАЛЫМЫ	МИН/АЙН	1200	

Құрылғының сыртқы көрінісі мен техникалық параметрлері, құрылғыны жетілдіре түсу үшін алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Көрсетілген мақсатта, қалыпты жағдайда қолдану керек

Ұсынылатын қолдану мерзімі: 7 жыл

Өндіруші құрылғының дизайны мен техникалық параметрлерін алдын ала ескертусіз өзгерту құқығына ие

ҚОСЫМША

ҚОСЫМША



EAC

Өнім өндірілген жердің атауы: Ресейде жасалған

Өндіруші:

Samsung Electronics Co., Ltd

Өндірушінің мекенжайы:

Корея Республикасы, (Мэтан-донг) 129, Самсунг-ро, Енгтонг-гу, Сувон қ., Кёнги-до, 443-742

Зауыттың мекенжайы:

Ресей, Калуга облысы, Боровской ауданы, Коряково ауылы, Первый Северный жолы, №1 Иелік

Қазақстан Республикасында шағымдар мен ұсыныстар қабылдайтын мекеме:

Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Медеу ауданы, Өл-Фараби д-лы, 36-үй, 3, 4-қабат.



Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.



Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.

СҰРАҒЫҢЫЗ НЕМЕСЕ ҰСЫНЫСЫҢЫЗ БАР МА?

ЕЛ	ҚОҢЫРАУ ШАЛҒЫҢЫЗ	НЕМЕСЕ МЫНА МЕКЕНЖАЙҒА ХАБАРЛАСҢЫҢЫЗ:
RUSSIA	8-800-555-55-55	www.samsung.com/ru/support
GEORGIA	0-800-555-555	www.samsung.com/support
ARMENIA	0-800-05-555	www.samsung.com/support
AZERBAIJAN	088-55-55-555	www.samsung.com/support
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500(GSM: 7799, VIP care 7700)	www.samsung.com/support
UZBEKISTAN	8-10-800-500-55-500	www.samsung.com/support
KYRGYZSTAN	8-10-800-500-55-500	www.samsung.com/kz_ru/support
TADJIKISTAN	8-10-800-500-55-500	www.samsung.com/support
MONGOLIA	7-800-555-55-55	www.samsung.com/support
UKRAINE	0-800-502-000	www.samsung.com/ua/support (Ukrainian) www.samsung.com/ua_ru/support (Russian)
BELARUS	810-800-500-55-500	www.samsung.com/support
MOLDOVA	0-800-614-40	www.samsung.com/support